

2019 жылдың I жарты жылдығында жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау жөніндегі ақпарат

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне (бұдан әрі - Министрлік) 2019 жылдың I жарты жылдығында жеке және заңды тұлғалардан 1393 өтініш, оның ішінде, жеке тұлғалардан - 540, заңды тұлғалардан – 853 өтініш келіп түсті, бұл 2018 жылмен салыстырғанда 31,8%-ға жоғары (2018 жылдың I жарты жылдығында - 1057, оның ішінде жеке тұлғалардан – 590, заңды тұлғалардан – 467), оның ішінде:

Министрлікке келіп түскен өтініштер сипаты бойынша келесі сұрақтарға бөлінеді:

- арыздар -1090;
- шағымдар – 102;
- ұсыныстар, үндеулер мен сұранымдар -201.

Жеке және заңды тұлғалардың 1393 өтініш ішінен 14 өтініш қайта келіп түсті, бұл 2018 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 46,2%-ға азайған, (2018 жылы - 26 өтініш). Бұл азаматтардың өз өтініштеріне берілген жауаптарға қанағаттанғандарын көрсетеді.

Жылдан жылға «Электрондық үкімет» порталы арқылы келіп түсетін өтініштер саны көбеюде, яғни 2019 жылы 54,8% ұлғайды.

Келіп түскен өтініштердің басым көпшілігі жер мәселелері, АӨК субсидиялау тетіктері мен несие алуға көмектесу туралы.

2019 жылдың I жарты жылдығында Министрлік басшылығы бекіткен азаматтарды қабылдау кестесіне сай 36 адамды қабылдады, оның ішінде:

- 20 адамның мәселесі Министрліктің құрылымдық бөлімшелеріне қарауға жіберілді;
- 10 адамның мәселесі бойынша түсіндірме берілді;
- 3 адамның мәселесі құзыреті бойынша басқа мемлекеттік органға жіберілді.
- 3 адамның мәселесі оң шешілді.

Азаматтардың өтініштерімен жұмысты жақсарту бойынша Министрлікте жауапты қызметкерлер заңнамада көрсетілген қағидаларды түсіндіру бойынша жұмыс жүргізіп отырады, азаматтардың өтініштерін мезгілінде орындау үшін күнделікті мониторинг жүргізеді, мониторинг қорытындысы бойынша Министрліктің басшылығына қызметтік хат жолданып отырады. Сонымен қатар Министрлікте қызметкерлерге тоқсан сайын құқытық оқулар өткізіліп тұрады.
